***Аннотация.*** *В статье поднимается вопрос о реализации поручения Главы государства в Послании от 30 ноября 2015 года «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» касательно снятия ограничений на приватизацию объектов госсектора и пересмотре ряда положений Закона «О государственном имуществе». В этой связи дан анализ целей и задач, круга правоотношений, особенностей правового статуса субъектов и объектов государственного имущества, регулируемых Законом. Показана также корреляция и взаимозависимость содержания и понятий закона «О государственном имуществе» с Гражданским и Бюджетным кодексами Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «О Фонде национального благосостояния», «О гражданской защите», «О специальных экономических зонах в Республике Казахстан», «Об особом статусе города Алматы», «О статусе столицы Республики Казахстан» и другими законами.*

*Отмечается, что к 2014 году на фоне успехов индустриально-инновационного развития Республики Казахстан был выявлен ряд проблем, в виде присутствия необоснованного государственного участия в экономике, а также высокой концентрации квазигосударственного сектора и сырьевых транснациональных корпораций в экономике.*

*Утверждается, что государственное имущество относится к одному из видов собственности, а в соответствии со статьей 6 Конституции Республики Казахстан собственность, в том числе и государственная, обязывает, пользование ею должно одновременно служить общественному благу. Субъекты и объекты собственности, объем и пределы осуществления собственниками своих прав, гарантии их защиты определяются законом.*

*Утверждается, что отсутствие в законе закрепленного правового статуса собственника государственного имущества создает путаницу и неразбериху в вопросе о соотношении полномочий управляющего государственным имуществом и полномочий собственника. Из закона неясно, почему субъект, который управляет государственным имуществом, в определенных случаях реализует право собственника государственного имущества. Предлагается статью 1 закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» дополнить понятием «собственник государственного имущества» и дать его следующее определение: «собственник государственного имущества – государственный орган, на который законом возложены полномочия по владению, пользованию и распоряжению государственным имуществом и который несет ответственность перед народом за судьбу вверенного ему государственного имущества».*

## LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN «ON THE STATE PROPERTY» AND QUESTIONS OF WIDESCALE PRIVATIZATION

**Bekbaev Erzat Z.**
*Senior Researcher at the Center for legal monitoring*
*of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan, c.j.s.,*
*e-mail: e.bekbaev@adilet.gov.kz*

**Esimova Aigerim B.**
*Researcher at the Center for legal monitoring*
*of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan,*
*e-mail: a.esimova@adilet.gov.kz*

***Key words:*** *state property; law; privatization; improvement of the law; missive to the nation; errand of the President*

***Abstract.*** *In the article a question rises about realization of commission of Head of the state in Message from November, 30, 2015 «Kazakhstan in new global reality: height, reforms, development» concerning lifting restrictions on privatizing of objects of госсектора and revision of row of the Law provisions «About state property». The analysis of aims and tasks, circle of legal relationships is in this connection given, features of legal status of subjects and objects of state*

*property, managed by Law. Correlation and interdependence of maintenance and concepts of law are shown also «On state property» with Civil and Budgetary the codes of Republic of Kazakhstan, laws of Republic of Kazakhstan «About Fund of national welfare», «About civil defence», «About the special economic zones in Republic of Kazakhstan», «About the special status of city Almaty», «About status of the capital of Republic of Kazakhstan» and by other laws.*

*It is marked that to 2014 on a background successes of industrially-innovative development of Republic of Kazakhstan the row of problems was educed, as being of the groundless state participating in an economy, and also high concentration of almost public sector and raw material multinational corporations in an economy.*

*It becomes firmly established that absence in the law of the envisaged legal status of owner of state property creates a mess and confusion in a question oh correlation of plenary powers of manager by state property and plenary powers of owner. From a law abstrusely, why subject that manages state property, in certain cases will realize a right for the owner of state property. It is offered to complement the article 1 of the law of Republic of Kazakhstan «About state property» by a concept «Owner of state property» and to give his next determination: a «owner of state property is a public organ, on that a law is lay plenary powers on possession, use by and disposing of state property and that bears the responsibility before people for the fate of the state property» entrusted to him.*

2015 жылғы 30 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін, кең ауқымды жекешелендіру және бәсекелестікті кеңейту сияқты екі тиімді құралмен отандық ресурстарды барынша босату үшін арнайы рөлге ие екенін айтқан. Мемлекет басшысы атап өткендей, қазір мемлекеттік сектор нысандарын жекешелендіруге қойылған шектеулерді алып тастаудың маңызы зор. «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң мен Азаматтық кодекстің бірқатар ережелерін қайта қарап, жекешелендіруге жатпайтын стратегиялық нысандардың санын қысқарту қажет. Үкіметке мемлекеттік мүліктегі ұйымдардың бәрін қоса отырып, жекешелендірудің жаңа бағдарламасын жасау тапсырылды [1].

Президент осы Жолдауында ірі ауқымды жекешелендіру тетігі жөнінде жан-жақты түсініктеме берді. «Жекешелендіру әділетті нарықтық баға бойынша, ашық және бәсекелі жүзеге асырылуы керек. Бұл ретте акцияларды қор нарықтарына орналастыру мен ашық аукциондар өткізу шешуші тетіктерге айналуға тиіс. Оған қазақстандық және шетелдік инвесторларды барынша кеңінен қатыстыру үшін жағдай жасау қажет. Үкіметке барлық акционерлердің мүлкінен айырылғандардың активтерін сатып алуға деген басым құқықтарын алып тастауды тапсырамын» - деді Мемлекет басшысы [1].

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның кейбір ережелерін қайта карауы, жекешелендіру жөнінде жаңа бағдарлама әзірлеу оңай емес екенін мойындау керек. Президенттің тапсырмасы бойынша қолданыстағы «Мемлекеттік мүлік туралы»[1] Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңы объективтік және субъективтік тұрғыда сараланып, басқа заңдармен үйлестіріліп, оның нормалары өзекті әрі күрделі міндеттерді заң тұрғысынан шешу арқылы қоғамдық қатынастардың кең ауқымын реттеуге бағытталған. Сондықтан, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының қағидаларын қайта зерделеп, қажетті нәтижеге қол жеткізгенге дейін Заңның барлық аспектілерін зергерлік дәлдікпен мұқият талдау қажет деп есептейміз.

Мақсаттары мен міндеттері тұрғысынан «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң мемлекеттік мүліктің меншік иесінің және өзге де құқық иеленушілердің құқықтарын тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етуге бағытталған. Ол мемлекеттік мүліктің құқықтық режимін, мемлекеттік мүліктің құқықтарына ие болу және оларды тоқтату негіздерін, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіп берілген мүлікті және заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі акциялар мен қатысу үлестерін айқындайды. Сонымен қатар, осы Заң мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы құқықтар мен міндеттерді айқындайды, мемлекеттің меншік құқығында мемлекетке тиесілі мүлікті иеленудің, пайдалану мен оған билік етудің ерекше тәртібін белгілейді.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңда тек аталған субъектілердің мемлекеттік мүлікті басқару мәртебесін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік мүлікті басқарудың мазмұны мен мемлекеттік мүлікті басқару қағидаттарын да белгілейді. Осы заңға

[1] *«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5 (2582), 42-қ.*

сәйкес, мемлекеттік мүлікті басқару: 1) заңдылық; 2) есеп берушілік және бақылауда болу; 3) жариялылық; 4) мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану; 5) бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау қағидаттарына сай жүзеге асырылады.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының аумағындағы мемлекеттік мүлікке, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мемлекеттік мүлікке де қолданылады. 2016 жылдың басында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәліметі бойынша, қызметтері «Мемлекеттік мүлік туралы» заңмен реттелетін Қазақстанда 24 мыңнан астам республикалық және мемлекеттік коммуналдық мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер жұмыс істейді.

Мемлекеттік мүлікті басқаруды Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының атынан республикалық мемлекеттік мүлікті басқару ісін Қазақстан Республикасының Үкіметі ұйымдастырады. Республикалық мүлікті басқаруда Үкімет өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың мәртебесін айқындайтын осы Заңда және өзге де заңдарда, ережелер мен басқа да заңнамалық актілерде белгіленген республикалық мүлікке олардың құқықтарын іске асыру бойынша өзара іс-қимылын ұйымдастырады. Коммуналдық мүлікке қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметі құзыретінің мазмұны «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 11-бабында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалады.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің атынан коммуналдық мүлікті басқаруды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Коммуналдық мүлікті басқаруда жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың мәртебесін айқындайтын осы Заңда және өзге де заңдарда, ережелер мен басқа да заңнамалық актілерде белгіленген коммуналдық мүлікке олардың құқықтарын іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

Мемлекеттік мүлік шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік заңды тұлғалардың жедел басқару құқығында бекітілуі мүмкін. Мемлекет (Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің) мемлекеттік заңды тұлғалардың, акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің құрылтайшысы (акционері, қатысушысы) болуы мүмкін. Мемлекеттің коммерциялық ұйымдар болып табылатын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының, құрылтайшысы (қатысушысы, салымшы, мүшесі) ретінде басқа да ұйымдық-құқықтық нысанда әрекет етуіне жол берілмейді. Мемлекет (Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік) коммерциялық емес ұйым болып табылатын мемлекеттік қордың құрылтайшысы болуы мүмкін. Мемлекеттік қордың сондай-ақ мемлекет қатысатын басқа да ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымдардың құрылуы мен жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Мемлекеттік мүлік объектілерінің ерекшеліктеріне байланысты мемлекеттік мүліктің құқықтық мәртебесі «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ғана емес, сондай-ақ өзге де заңдармен реттеледі. Осы тұрғыдан алғанда, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң, Азаматтық және Бюджет кодекстерімен[2], «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы»[3], «Азаматтық қорғау туралы[4], «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы»[5], «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы»[6], «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы»[7] Қазақстан Республикасының заңдарымен өзара тығыз байланысты.

Мемлекеттік стратегиялық объектілердің және өзге де мүліктің құқықтық режимінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының

[2] *Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 ж., № 23-24; Қазақстан Республикасының бюджет кодексі. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 21 (2525) 93-қ.*

[3] *«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 4, 29-қ.*

[4] *Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7 36-қ*

[5] *«Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 15 (2592), 119-қ.*

[6] *«Қазақстан Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 14, 200-қ*

[7] *«Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 128-қ, 2010 ж., № 24, 146-қ, 2011 ж., № 1, 2-қ, № 5, 43- қ*

Азаматтық кодексімен және өзге де заңдарымен айқындалады. Сондай-ақ, мемлекеттің зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтарды, мәдени және тарихи ескерткіштерге, мәдени құндылықтарға құқықтарды жүзеге асыру тетіктері Азаматтық кодекспен, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңмен және басқа да заңдармен реттеледі.

Мемлекеттің мемлекет активтеріне, Бюджет қаражатына және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатына құқықтарды жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңмен реттеледі. Мемлекеттік немесе жергілікті қазынаға жатқызылған өзге де мүлікке мемлекеттің құқықтарын жүзеге асыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Ұлттық әл-ауқат қорына және Ұлттық әл-ауқат қорының тобына және оның бақылауындағы өзге де заңды тұлғаларға «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдингтер бақылайтын өзге де заңды тұлғалар туралы ережелері, сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңның нормалары қолданылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану мен оған билік ету құқығын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құратын заңды тұлғалардың мүлкін басқаруды, сондай-ақ олардың қызметін реттеуді Қазақстан Республикасы атынан дербес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының аталған заңдарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық мүлкін, арнайы экономикалық аймақтың мемлекеттік мүлкін, мемлекеттік материалдық резервті басқару жөніндегі қатынастарға келетін болсақ, олар «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы», «Азаматтық қорғау туралы» заңдарымен реттеледі.

Аталған заңдармен өзара үйлесімін нығайту және мемлекеттік мүлікті пайдалану тиімділігін арттыру үшін, соңғы жылдары мемлекеттік мүліктің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру аясында «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалы, «Әділет» деректер базасына сәйкес, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға 48 рет өзгеріс пен толықтыру енгізілді. Осы Заң қолданысқа енгізілген жылдары елімізде мемлекеттік мүлікке қатысты экономикалық және стратегиялық маңызы бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабына сәйкес заңдармен реттелуге тиіс қоғамдық қатынастар саласында мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану, кәдеге жарату және басқару ісі ерекше қарқынмен жүргізілгенін уақыт көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, мемлекеттік мүлік меншік түрлерінің біріне жатады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес жалпы меншік, оның ішінде мемлекеттік меншік оның иелеріне үлкен міндет жүктейді, кез келген меншік қоғам жолында да қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілерінің, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

2014 жылға қарай жасалған талдау, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму аясындағы жұмыстың жағдайын көрсетіп отыр, шағын және орта бизнестің, кәсіпорындардың одан әрі дамуына кедергі келтіретін бірқатар мәселелер анықталды. Бұл проблемалар мемлекеттің экономикаға негізсіз қатысуынан, сондай – ақ квазимемлекеттік сектор мен шикізаттық трансұлттық корпорациялардың экономикада көп шоғырлануынан орын алған[8].

Мемлекеттік қолдау мақсатында салалардың кең ауқымын, сондай-ақ әлеуетті өнеркәсіп салаларын дамыту үшін қолжетімді ресурстарды тиімді түрде шоғырландыруға рұсат етілмеді. Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар мен даму институттары арасындағы өзара іс-қимылдың жеткіліксіз болуы, осы шараларды қабылдау мерзімнің созылып кетуіне және мемлекеттік қолдау тиімділігінің азаюына алып келді. Мемлекеттік өнеркәсіптік компаниялардың басымдығы өнеркәсіптік өндірістегі шағын және орта бизнестің мүмкіндігін төмендетеді. Мемлекеттік компаниялар басым болған кезде шағын және орта бизнес үлесінің, ұлттық инновациялық жүйенің төмен бәсекеге қабілеттілігі жеткіліксіз болды[9].

[8] *Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығы.*

[9] *Бұл да сонда.*

«Қазақстан-2050» Стратегиясы мемлекеттік активтерді басқару жүйесін жаңғырту бағыттарын белгілеп берді, мұның өзі мемлекеттік мүлікті басқаруда орын алған олқылықтарды еңгеруге ықпал ететіні сөзсіз. «Қазақстан-2050» Стратегиясында атап көрсетілгендей, жеке бизнес «…әрқашан және барлық жерде мемлекеттен гөрі тиімдірек әрекет етеді. Сондықтан біз стратегиялық емес сипаттағы кәсіпорындар мен қызметтерді жеке қолға беруге тиіспіз. Бұл – отандық кәсіпкерлікті нығайту үшін аса маңызды қадам. Мемлекет өзінің рөлін өзгертуі тиіс. Бізге кең ауқымды жекешелендірудің екінші толқыны қажет» [2].

Кең ауқымды жекешелендіру мемлекет пен нарық арасындағы жауапкершілікті қайта бөлісуді талап ететіні белгілі. Бірақ сол арқылы экономикалық өсімнің жоғары қарқынын сақтауға мүмкіндік жасалады. «Соңғы жылдары баждар мен кедергілерді төмендетіп, халықаралық ұйымдарға қатысудан пайда алу үшін экономика саласында мемлекеттің араласуын шектеу бойынша міндеттемелерді өз еркімен алған халықаралық ұйымдарға қатысушы елдер саны тұрақты түрде ұлғайып келеді. Өңірлік экономикалық одақтарға қатысу еліміздің индустриялық саясатына қосымша шектеу қоюы мүмкін. Алайда, жекелеген жағдайларда кейбір елдер ішкі салаларды қолдау үшін қабылданған міндеттемелерді әдейі бұзады. Қазақстан Республикасы әлемде табиғи пайдалы қазбалардың қоры бойынша 6-орын алатыны белгілі, көмірсутектердің барланған қорларының деңгейі бойынша әлемде 10-орында тұр, сондай-ақ уранды ірі экспорттаушы болып табылады. Минералдық пайдалы қазбалардың бай қоры елде өндіруші өнеркәсіпті белсенді дамыту үшін негіз болып табылады. Қазақстанның жер қойнауында химиялық элементтер кестесіндегі 117 компоненттің 99-ы бар екені анықталды, олардың 70-і барланып, 60-ы өндірілуде. Қазақстан Республикасында жеткілікті алтын-валюта резерві, Ұлттық қорда қаржының елеулі көлемі, макроэкономикалық және саяси тұрақтылықты қолдаудың тұрақты саяси жүйесі бар. Даму институттарының жүйесі мен мемлекеттік қолдау шаралары қалыптастырылып, заңды түрде бекітілді»[10].

Даму институттарының және мемлекеттік қолдау жүйесінің шеңберінде «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» - Ұлт жоспарына сәйкес келеді, мемлекет пен қоғамның тұрақты даму жолындағы игі істерге ықпал етеді. Алайда, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңда мемлекеттік мүлік меншігінің құқықтық мәртебесіне қатысты олқылықтар бар.

Заңда мемлекеттік мүліктің меншік иесінің бекітілген құқықтық мәртебесінің болмауы мемлекеттік мүлікті басқарушының өкілеттіктері мен меншік иесінің өкілеттіктер арасындағы баламалық қатынас туралы мәселеде түсінбестік туғызады. Оның үстінде Заңда мемлекеттік мүлік меншік иесінің құқықтық мәртебесінің белгісіздігі мемлекеттік мүлікті басқару құқығының мазмұны мен шектерін, меншіктің бірыңғай құқығын бірнеше субъектілер арасында мемлекеттік мүлікке «бөлшектеу» сияқты заң «феноменін» де туғызады. Мысалы, Заңда мемлекеттік мүлікті басқаратын субъект белгілі бір жағдайларда мемлекеттік мүліктің меншік иесінің құқығын не үшін іске асыратыны белгісіз.

Іс жүзінде, мүлікті басқару және оның иесі болып табылмайтын мүліктің меншік иесі мен субъектінің арасында айқын айырмашылық бар. Алайда, Заңда мемлекеттік мүлікке қатысты меншік иесі санатының белгісіздігі немесе болмауына байланысты, меншік иесінің құқығы басқару мүлкіне көшіуі мүмкін, яғни мүліктің меншік иесі ұғымын мүлікті басқару ұғымына алмастыру сыбайлас жемқорлықты тудыратын фактор болып табылады.

Көрсетілген сыбайлас жемқорлықты тудыратын факторларды жою үшін «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабын «мемлекеттік мүліктің меншік иесі» ұғымымен толықтыру және оған «мемлекеттік мүліктің меншік иесі – мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету бойынша өкілеттіктер заңмен жүктелген және сеніп тапсырылған мемлекеттік мүліктің тағдырына халық алдында жауап беретін мемлекеттік орган» деген анықтама беру ұсынылады.

## ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму». Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Қазақстан халқына 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдау http://www.akorda.kz/

[10] *«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1497 қаулысы.*

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. http://www.akorda.kz/

## REFERENCES

1. Nazarbaev N.Ә. «Қazaқstan zhaңa zhahandyқ naқty ahualda: өsim, reformalar, damu». Қazaқstan Respublikasynyң Prezidenti – Elbasy Қazaқstan halқyna 2015 zhylғy 30 қarashadaғy Zholdau http://www.akorda.kz/

2. Nazarbaev N.Ә. «Қazaқstan – 2050» Strategijasy қalyptasқan memlekettiң zhaңa sajasi baғyty. http://www.akorda.kz/

УДК 346.62

# НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ РЕАЛИЗАЦИИ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА УЧАСТНИКАМИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК

**Кысыкова Гульнара Бауржановна**
*Ведущий научный сотрудник Центра правового мониторинга Института законодательства Республики Казахстан, кандидат юридических наук, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: gkyssykova@mail.ru.*

***Ключевые слова:*** *государственные закупки; договор; заказчик; поставщик; законодательство о государственных закупках.*

***Финансирование:***_Фундаментальное научно-прикладное исследование._

***Аннотация.*** *В статье рассматриваются положения законодательства о государственных закупах Республики Казахстан и вытекающие проблемы в применении таких норм. Внимание уделяется пункту 4 статьи 37 Закона Республики Казахстан «О государственных закупках», который является новым в законодательстве. Именно по причине того, что пункт отсутствовал в редакции прошлого закона, стало возможным его нарушение. Данное обстоятельство позволяет говорить о несвоевременности информированности правоприменителей, в частности заказчиков об изменениях законодательства. При этом за несоблюдение требований заказчика убытки несут поставщики. В этой связи рекомендуется законодательно закрепить досудебный этап разрешения подобных ситуаций с возможностью компенсации поставщикам понесенных ими убытков.*

*Второй вопрос, посвящается срокам действия договора о государственных закупках и сроках заключения договора. В большинстве случаев договора о государственных закупках (по услугам, работам, которые должны оказываться на постоянной и регулярной основе без перерывов) заключаются до 31 декабря. Однако оплата производится ранее даты окончания срока договора. В связи с чем, некоторая часть предоставленных поставщиком услуг может быть не оплачена вопреки требованиям пункта 20 статьи 43 Закона. По вопросу срока действия договора в новый Закон включена норма (пункт 18 статьи 43), согласно заказчик вправе продлить на период до подведения итогов государственных закупок действие договора о государственных закупках товаров, работ, услуг ежедневной или еженедельной потребности. Введение новой нормы снимает проблему перерыва сроков между договорами. Вместе с тем полномочие по заключению договора с последним поставщиком выражено в Законе правом, а не обязанностью, что предоставляет возможность заказчику не использовать норму даже в случае ее целесообразности.*

# МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢНАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Гүлнар Бауыржанқызы Қысықова**
*Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Құқықтық мониторинг орталығының жетекші ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты, Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: gkyssykova@mail.ru.*